



CAPITAL PARK EMOTIONS

Жарқын эмоциялар аумағы

Мазмұны

4	Бигвилль туралы
5	Орналасқан жері
6	Орам туралы
8	Маңыздының барлығы жаныңызда
17	Архитектура және дизайн
19	Абаттандырылған аула
21	Сәнді дәліздер
23	Сіздің пәтеріңіз
28	Шудан оқшаулау деңгейі жоғары Acoustic Pro жүйесі
30	Ақылды технологиялар
31	Жайғастыру шешімдері
33	Бизнеске арналған үй-жайлар
34	Функционалды үй-жайлар
35	Ипотека және онлайн сатып алу
37	BI Service және бақыт министрлігі
39	BIG App мобильді қолданбасы
40	BI Club бейілділік бағдарламасы
41	Қосымша опциялар

Сіздің үйіңіз басталады сеніммен

Біз өмір сүруге арналған мінсіз кеңістік құрудың қаншалықты маңызды екенін түсінеміз және сіздің болашақ үйіңіз дәл сондай болуы үшін бар күшімізді саламыз.

Күн сайын кәсіби мамандар тобы сіздің үйіңіз тек қабырғалары мен төбесі бар ғимарат емес, нағыз жайлы, қауіпсіз және жылулыққа толы мекен болуы үшін еңбек етуде.

Құрылыс қарқынды жүріп жатыр, және жақында сіз өзіңіздің жаңа өміріңіздің есігін ашасыз.

Болашақ үйіңізді салу ісін бізге сеніп тапсырғаныңыз үшін алғыс айтамыз!

Құрметпен,
Capital Park жобаларының жетекшісі
Садырбай Уәли



Бигвилль туралы

Capital Park бигвиллі — прогресс пен инновациялардың жүзеге асуы. Ол замана көшінен қалмайтын, өршіл мақсатты, өмірден алары мол, ымыраға көнбейтін жандар үшін жасалған.

Capital Park бигвиллінде тыныштық аясын тауып қана қоймай, сонымен қатар, қызу қайнап жатқан қала өміріне сіңісіп кету оңай, өйткені іскерлік орталық пен қаланың барлық маршруттары үйіңізден бес минуттық жерде орналасқан. Бигвилль — үлкен қалада өмір сүрудің шексіз мүмкіндіктерін ашатын кеңістік, жаңа күніңіздің қандай болатынын сіз өзіңіз таңдайсыз.



Бизнес Комфорт+

санаты

36 га

құрылыс
салу алаңы

13 га

көгалданды-
ру ауданы

7-22

қабат

2027 г.

толық жүзеге
асырылады


Осы буклетте көрсетілген абаттандырудың, қасбеттердің, дизайнның, тұрғын үй ғимараттары инфрақұрылымының, тұрғын үй ғимараттары орналасуының суреттері шартты (бастапқы) болып табылады, сол себепті Құрылыс салушы Сатып алушымен алдын ала келіспестен және хабардар етпестен, бір жақты тәртіпте өзгерте алады.



Орналасқан жері

Керей, Жәнібек хандар, Бұқар жырау көшелері мен 37-ші көшенің және Әл-Фараби даңғылының шаршысында орналасқан.

- | | | |
|---|---|---|
| 
5 мин
Aldi BI
балабақша | 
10 мин
Назарбаев
университеті | 
10 мин
Республикалық
бас мешіт |
| 
5 мин
Қадыр Мырза Әлі
атындағы Vinom
мектебі | 
10 мин
MEGA Silk Way
COO | 
15 мин
«Нұрлы жол»
вокзалы |
| 
5-10 мин
Президент
саябағы | 
5-10 мин
Magnum, Small
супермаркеттері | 
15 мин
Әуежай |



Орам туралы

Capital Park Emotions – жарқын эмоциялар, сыңғырлаған күлкі, нұрлы жүздер және тамаша көңіл-күй орамы. Бұл — жай ғана жаңа үй емес, ортақ құндылықтары мен өмірге деген көзқарастары біріктірген пікірлес, рухтас адамдар тұратын мекен. Capital Park Emotions орамында достар мен пікірлестерді, жақсы көршілерді ғана емес, өз махаббатыңызды да кездестіруіңіз мүмкін. Мұнда дос табу, шығармашылықпен айналысу, бір-біріне жылу мен қамқорлық сыйлау, сонымен қатар, ерекше жайлылық пен үйлесімге толы әр күніңізден ләззат алу өте оңай.

Осы буклетте көрсетілген абаттандырудың, қасбеттердің, дизайнның, тұрғын үй ғимараттары инфрақұрылымының, тұрғын үй ғимараттары орналасуының суреттері шартты (бастапқы) болып табылады, сол себепті Құрылыс салушы Сатып алушымен алдын ала келіспестен және хабардар етпестен, бір жақты тәртіпте өзгерте алады.



Орам туралы

Capital Park Emotions - Бұқар жырау көшесінің бойында орналасқан комфорт+ санатындағы орам. Мұнда сізді гүлге бөленген айнала мен түстер үйлесімі қуантып, шынайы эстетикалық ләззат сыйлайды.

413 пәтер

1-ші кезек

39-121 м²

пәтерлердің биіктігі

396 пәтер

2-ші кезек

5-8

қабаттағы пәтер саны

14-17

қабат

3 м

төбелердің биіктігі



Маңыздының барлығы жаныңызда

Бигвилль аумағы

Capital Park бигвиллі - тұрғындарға жайлы инфрақұрылым жасаудағы жаңаша көзқарас.



5 балабақша



2 мектеп



Samal саябақ



2 Vinom мектебі



Желекжол



Жеке көл



Жүгіру жолдары



Жаяу жүргінші жолдары



Маңыздының барлығы жаныңызда

Samal саябағынан бірер адым жерде

Бигвилльдің қақ төрінен орын алған көлі бар жеке саябақ оның басты ерекшелігі болмақ. Мұнда сіз отбасыңызбен бірге демалып, спортпен айналыса аласыз, жаяу жүргіншілер көпірінде серуендей аласыз, көлде аялдайтын жыл құстарын тамашалай аласыз.



Маңыздының барлығы жаныңызда

Samal саябағынан бірер
адым жерде



Galmart
супермаркеті



Keruen Park балалар
ойын-сауық
орталығы



Фитнес орталығы



Футбол және
теннис алаңдары



Мейрамханалар
мен кафелер
галереясы



Шолу алаңы





Маңыздының барлығы жаныңызда

BINOM SCHOOL

BINOM School — жаңа форматтағы заманауи жалпы білім беретін мектептер, сапалы мектептік білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін құрылған. Оқыту мемлекеттік білім беру стандарты негізінде жүргізіледі және функционалдық сауаттылық пен академиялық дағдыларды дамытуға бағытталған қосымша элективті курстармен толықтырылады.

BINOM мектептері заманауи білім беру моделін, мықты педагогикалық ұжымды және дамыған инфрақұрылымды үйлестіре отырып, оқушылардың білім алуына және дамуына қолайлы әрі технологиялық орта қалыптастырады.

- Оқыту қазақ және орыс тілдерінде
- Тегін мемлекеттік білім беру
- Мектеп жабдықталуы стандартты мектептерден 5 есе жоғары
- Зертханалар, STEM және робототехника
- Заманауи оқу кеңістіктері: коворкингтер және медиастудиялар

 [Сілтемеге өту үшін басыңыз](#)





Маңыздының барлығы жаныңызда

ÄLDI VI БАЛАБАҚШАСЫ

Aldi VI — баланың ерте дамуына арналған шабыттандыратын орта қалыптастырылған заманауи балабақша. Авторлық білім беру бағдарламасы балалардың креативтілігін, дербестігін және зерттеушілік ойлауын дамытатын Реджио-педагогикасына негізделген, халықаралық педагогикалық тәжірибелерді ұлттық мәдениетпен үйлестіреді.

Балабақшаның білім беру кеңістігі балалардың қабілеттерін ашуға көмектеседі, танымға деген қызығушылығын қалыптастырады және тұлғаның ерте жастан үйлесімді дамуын қолдайды.

- Реджио-педагогикасына негізделген авторлық бағдарлама
- STEM-зертхана және робототехника
- Proforientation аймақтары — ойын арқылы мамандықтармен танысу
- Кешенді даму: психолог, логопед және нейропсихолог
- Инновациялық дамытушы білім беру ортасы
- Үйлесімді даму үшін арнайы жағдайлар жасалған: тұзды шахта, иппотерапия, спорттық белсенділіктер және серуендер



 [Сілтемеге өту үшін басыңыз](#)

Маңыздының барлығы жаныңызда

«Yourt» көршілік орталығы

«Yourt» көршілік орталығы қазақ халқының кеңпейілдігін, ашықтығын және қонақжайлығын көрсететін Ерулік игі дәстүрімен үндеседі.

«Yourt»-та әрбір тұрғын өзіне ұнайтын нәрсені табады. Балаңыз шеберлік сабағында немесе балалардың ойын бөлмесінде ынтамен беріліп уақыт өткізіп жатқанда, сіз пікірлес адамдардың ортасында йогамен айналысудан ләззат алуыңызға, тыныштықта медитация жасауыңызға немесе оңаша тыныш бөлмеде маңызды келіссөздер жүргізуіңізге болады.



Коворкинг



Шеберлік сабақтарына арналған кеңістік




Музыка залы



Кофехана



Спорт залы



Балалардың ойын бөлмесі



Кітапхана



Келіссөздерге арналған оңаша бөлмелер

 толығырақ білу үшін басыңыз

Бір жобадағы әр кезектің жобалық шешімдері, түстері мен реңктері бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие

Маңыздының барлығы жаныңызда

Президент саябағы

Capital Park Art орамынан бес минуттық жерде, Есіл өзенінің бойында гүлденген Президент саябағы орналасқан. Саябақтың ішінде сейіл ұйымдастырып, ағаштардың саясында серуендеуге, отбасыңызбен бірге демалып, көңіл көтеруге болады.



Сурет шартты сипатқа ие, Capital Park. Light 3B жобасында түсірілген фотосурет

Маңыздының барлығы жаныңызда

Көлік жол айырығы

Сізге енді шаршататын ұзақ сапарларға уақыт жоғалтудың қажеті болмайды, өйткені жол жайлырақ болады және әлдеқайда аз уақыт алады. Осындай ыңғайлы көлік жол айырығының арқасында жаңа вокзал ауданына, Әзірет Сұлтан мешітіне, Ақ-Бұлақ ауданына және елорданың басқа да жерлеріне жылдам жетуге болады.



Сурет шартты сипатқа ие, Capital Park. Light 3B жобасында түсірілген фотосурет

Архитектура және дизайн

Болашақ үйіңіздің архитектурасы ғимараттың функционалдылығы ғана емес, бірегей келбетін құрайтын сыртқы тартымдылығы да маңызды болатын заманауи үрдістерге баса назар аударады. Capital Park Emotions беріктік пен сәнділікті қатар алып жүретін заманауи архитектура стилінде жасалған. Capital Park Emotions қасбетінің сәндік элементтері жобаға серпін қосып, заманауи қала құрылысында қайталанбас бейне жасайды. Қабырға беттерінде эстетикалық, функционалдық элементтерді біріктіретін және үйге айшықты көрініс беретін терезе жиектері ерекше көзге түседі.

Осы буклетте көрсетілген абаттандырудың, қасбеттердің, дизайнның, тұрғын үй ғимараттары инфрақұрылымының, тұрғын үй ғимараттары орналасуының суреттері шартты (бастапқы) болып табылады, сол себепті Құрылыс салушы Сатып алушымен алдын ала келіспестен және хабардар етпестен, бір жақты тәртіпте өзгерте алады.



Архитектура және дизайн

Құрылыс материалдары

Каркас –
монолитный железобетон

Фасад –
вентилируемый

Стены –
газоблок

Европейские окна –
металлопластиковые,
тройное остекление,
пятикамерный профиль

Благоустроенный двор

Capital Park Emotions бүкіл ауласы сізге және балалары-ңызға арналған! Мұнда бәрі рахаттанып уақыт өткізе алады. Айналмалы әткеншектер, тербелмелі әткеншектер, ұялы әткеншектер, құм алаңдары, сырғанау төбешіктері – әрбір нысан балаларға ләззат сезімін сыйлаудан бөлек, олардың дене күшіне, психологиялық, эмоциялық және шығармашылық әлеуетіне оң әсерін тигізеді. Бұдан бөлек, балаңыз басқа балалармен қарым-қатынас жасауға, байланыс орнатуға және жаңа достар табуға үйренеді.




Ауланың экологиялық тұжырымдамасы



Workout аймақтары



Демалуға арналған самалжай



Жабық аула



Көгалдандыру

Тұрғын үй кешендерін көгалдандыру үшін өсімдіктерді ең жақсы еуропалық тәлімбақтардан аламыз, бұл олардың сапасы мен өміршеңдігіне кепілдік береді. Компанияның дендрологтардан, ландшафт дизайншылары мен бағбандардан тұратын қамқор командасы аймақтың климаттық сипаттамаларына сәйкес материал таңдайды, жас өскін кезінен бастап үлкен ағаш болғанға дейін бірнеше жыл бойы сүйемелдеп, өсімдіктердің жерсінуі мен өсу қарқынын қамтамасыз етеді. Жобаның жалпы аумағының 30%-дан астам бөлігінде үй кеңістігі мен үй маңындағы кеңістік көгалдандырылған.

Сіздің үйіңізді көгалдандырудың ерекшеліктері:



Қолайлы
микроклимат



Үйлесімді түс
композициялары



Өсімдіктерге
күтім жасау



Жан-жақты ойла-
стырып, өсімдік-
терді аймақтарға
бөлу



Сурет шартты сипатқа ие. Көшет материалының өсуі бес жылға жуық уақыт алады.

Біз тұрғындардың табиғаттан ләззат алуы үшін айналаны көгалдандырамыз. Жасыл желекті аймақтар мегаполисте жанға жайлы тыныштық оазистерін жасайды. Аптап ыстықта ағаштардың саясында серуен құру, жапырақтардың сыбдырына құлақ түріп, жылдың әр мезгілінде ағаштардың түсі қалай өзгертетінін бақылау сондай ғанибет.

Сәнді әрі жайлы дәліздер

Emotions дәліздері сыртқы көріністің архитектуралық стиліне сәйкес безендірілген және сіз үшін нағыз тыныштық пен жайлылық оазисіне айналады. Қабырғалар мен төбені әрлеуде қолданылған ақшыл сары реңктер, материалдардың біркелкі текстуралары және барынша эргономикалық кеңістік мамыражай тыныштық пен жайлылық атмосферасын қалыптастырады.




Жеке дизайн



Қауіпсіз
лифттер



Арбалар
тұрағы



Биіктігі 3,5 м
дейінгі төбелер




Өтпелі
кіреберістер




Витражды
кіру топтары

Бір жобадағы әр кезектің жобалық шешімдері бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, суреттер шартты сипатқа ие



Кіреберістегі дәліз дизайны – 2-ші кезек



Үлгілік қабат дизайны – 2-ші кезек



Сіздің пәтеріңіз

Біз сізге отбасыңыздың жайлылығы үшін ұсақ-түйегіне дейін мұқият ойластырылған жылы және жарық жерде, армандаған пәтеріңізде тұратын боласыз деп айтсақ қалай болады? Бірінші қабаттардағы тұрғындардың қауіпсіздігі үшін мықты әйнегі бар, бұзып кіруден қорғалған терезелер орнаттық. Жаңа пәтеріңізде артық уайымсыз өмірден ләззат алыңыз.



Пәтерлердің ауданы:
39-121 м²



Негізгі әрлеу



Пәтерлердің
конфигурациясы:
1 бөлмеден 4
бөлмеге дейін



Бірінші қабаттардағы
бұзуға төзімді
терезелер



Есік
ойықтарының
биіктігі – 2,3
метрге дейін



Электронды
құлыптар



Сіздің пәтеріңіз

Негізгі әрлеу

Capital Park Emotions орамынан пәтер сатып алғанда, сіз алғашқы әрлеу жұмыстары жасалып қойған дайын кеңістікке ие боласыз.

Бұл уақытыңыз бен қаражатыңызды үнемдейді: жөндеудің шулы және шаңды кезеңі артта қалды.

Алда тек жағымды шаруалар күтеді, сізге стиль мен материалдарды таңдап, интерьер жөніндегі көзқара-сыңызды жүзеге асыру ғана қалады.




Едені жабын төсеуге дайын




Қабырғаларының әрленуі – қабырғалар таза әрлеу жұмыстарын жүргізу үшін тегістелді.



Төбесі – төбеде электр кабельдері тартылған, бұл жоба бойынша жарықтандыруды жеңілдетеді.



Электрмен жабдықталуы – бүкіл пәтерге электр желісінің сымдары тартылды.



Жылыту жүйесі толық орнатылды және пайдалануға дайын.



Кіру есіктері – металдан жасалған, сенімді құлыппен жабдықталған кіру есігі.

BIG+ Жөндеуден өткен пәтерлер

Астанадағы BI Group ұсынған BIG+ жаңа жобасын — сіздің жайлылығыңызға барынша қамқорлық таныта отырып, таза әрленген пәтерлерді ұсынамыз. Мұқият ойластырылған эргономика және заманауи жөндеу — өміріңіздің жаңа кезеңін рахаттанып, жайлы бастай алуыңыз үшін барлық жағдай жасалған.



Уақыт үнемдеу



Құрылыс салушы ұсынған сапа кепілдігі



1 жылға кепілдік




Топтама құрамын пәтер құнына қосу мүмкіндігі



Тыныш кіреберіс



Конструктивтер	с BIG Basic	BIG Optima	BIG Prime
	Сұр/Қоңыр сарғыш	Сұр/Қоңыр сарғыш	Қоңыр-сарғыш
Есік жиынтығы	2,2 м Albero Ресей	2,2 м Albero Ресей	2,3 м Albero Ресей
Ламинат	33-ші класс, қиықжиегі бар	33-ші класс, қиықжиегі бар	33-ші класс, қиықжиегі бар
Еденкемерлер	Полиуретан, 8 см	Полиуретан, 8 см	Полиуретан, 12 см
Санитарлық торап пен кіре берістегі жылы еден		✓	✓
Қабырғадағы сәндік профиль		✓	Жезге ұқсасы бар
Санитарлық тораптағы керамогранит қабырғалар	ҰЕ 600x600 (Қазақстан)	ҰЕБ 1200x600x10 мм (Ресей)	Керамогранит ҰЕБ 1200x600x10 мм
Лас аймақтағы, балкондағы және санитарлық тораптағы керамогранит	ҰЕ 600x600 (Қазақстан)	ҰЕ 600x600 (Қазақстан)	ҰЕ 600x600 (Қазақстан)
Ас үй бөлмесіндегі фартук керамограниті	Жылтыратылған керамогранит (Қытай) ҰЕБ 1200x600x9 мм.	Жылтыратылған керамогранит (Қытай) ҰЕБ 1200x600x9 мм.	Жылтыратылған керамогранит (Қытай) ҰЕБ 1200x600x9 мм.
Балалар бөлмесіндегі фототұсқағаз		✓	✓
Боялатын тұсқағаз	Kraft Haus Premium Vlies 130	Kraft Haus Premium Vlies 130	Kraft Haus Premium Vlies 130
Қабырғадағы бояу	SHEBER Maler (Қазақстан)	Marshal Euro 7 (Түркия)	Tikkurila (Финляндия)
Кермелі төбе	✓	✓	
ГҚТ төбе			✓
Төбедегі көлеңкелі профиль		✓	✓
Төбедегі тығыздағышы бар багет	✓		
Софиттер	✓	✓	✓
Желілік магнитті шамдары бар шина сымдары (тректер) + карниздерді жарықтандыру			✓
Розеткалар/Ажыратқыштар	Альтернатива (Қытай)	Schneider Electric (Франция)	JUNG LS сериясы (Германия)
Санитарлық тораптағы сантехникалық құралдар	Haiba Қытай	Grohe (Германия)	Grohe (Германия)
Инсталляция	Visam Slim (Қытай)	Grohe (Германия)	Grohe (Германия)
Унитаз	Saniteco	Saniteco	Grohe (Германия)
Ванна	Акрилді	Акрилді	Акрилді
Айна	Жарықтандырылатын сәндік	Жарықтандырылатын сәндік	Жарықтандырылатын сәндік




Шудан оқшаулау деңгейі жоғары Acoustic Pro жүйесі

 бейнежазбаны көру үшін басыңыз


Пәтераралық шудан оқшаулауды жақсартуға бағытталған шешімдердің арқасында шулы көршілеріңіз енді жайсыздық тудырмайды. Біз Acoustic Pro сияқты дыбыс оқшаулайтын арақабырғалар заманауи технологияларын енгіземіз.

Acoustic Pro Дыбыс оқшаулауы - 56 дБ-ден төмен емес



Acoustic Pro — арнайы ВІ Group үшін Корея Республикасының сарапшыларымен бірлесіп әзірленген жүйе, екі қабат гипсті қатырмадан тұратын, бір жағында минералды мақта тақтасы мен қалыңдығы 100 мм газды блок, екінші жағында минералды мақта тақтасы мен екі қабат гипсті қатырма бар көп қабатты конструкция болып табылады.

Бұл технологияда әр түрлі материал түрлері: дыбысты жұтатын жұмсақ элементтер және оны қайтаратын қатты элементтер қолданылады. Осындай үйлесімнің арқасында тамашадыбыс оқшаулау көрсеткіштеріне қол жеткізіледі. Арақабырғалардың қалыңдығы тұрғын үйдің пайдалы ауданын барынша сақтайтындай етіп мұқият есептелген.




Жоғары деңгейде шудан оқшаулау

Қалқымалы еден

Біз пәтерді жоғарғы жақтағы шудан оқшаулау үшін «қалқымалы еден» технологиясын қолданамыз.

Бұл – тұтастырғыш құю алдында қабырғалар мен еденге тығыз жанасатын, қалыңдығы 1 см көбікті полипропилен қабаты төселетін ерекше жүйе. Осының арқасында көршінің жүрген немесе ролик тепкен кездегі шуы «қалқымалы еденге» тиімді түрде сіңеді.



«Қалқымалы еден» соққы шуының таралуына жол бермейді



* Клиент өзі жасайды

Ақылды технологиялар

Электронды құлыптар

Valencia V8 маркасындағы электронды құлыптар қосымша жайлылық береді. Онымен сөмкеден кілт іздеу туралы ұмытуға болады. Жай ғана ыңғайлы тәсілді таңдаңыз.

Ашу тәсілдері:

- Саусақ ізінің сканері
- Кодты шифрлау функциясы
- Қосарлы сәйкестендіру режимі
- Кіріктірілген дабыл жүйесі




Таңдалған өндіруші желісіне байланысты электронды құлыптың түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Dahua IP-домофон жүйесі

IP-домофон – домофон жүйелерінің арасындағы озық шешім, ол деректерді беру үшін бейнебайланыс сапасын жақсартатын цифрлық желіні пайдаланады.

Мүмкіндіктері:


- Келушімен бейнебайланыс арқылы сөйлесу
- Бір түймені басу арқылы күзет орнымен байланысу
- Келушілердің суреттерін жазу мүмкіндігі
- Тұрғын үй кешеніндегі бақылау камераларына (6 данаға дейін) қол жеткізу



Таңдалған өндіруші желісіне байланысты панельдің интерфейсі мен түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.


Жайғасымдар*

* басыңыз да, сайттан өз жайғасымыңызды таңдаңыз



Жайғасымдар*

* басыңыз да, сайттан өз жайғасымыңызды таңдаңыз



Бизнеске арналған үй-жайлар


Біздің коммерциялық үй-жайларымыз негізінен тұрғын орамдардың бірінші қабаттарында орналасады. Коммерциялық үй-жайлардың ауданы әр түрлі болуы және еркін жайғасымы сізге әр түрлі бизнес түрлеріне арнап таңдау мүмкіндігін береді.



Бірінші желі



Жаяу жүргіншілер ағыны




Көліктің көп жүруі



Дамыған инфрақұрылым



20 000-нан астам тұрғын



Төбесінің биіктігі: 4,2 метрге дейін



Кешен аумағындағы саяжол



Қонақтарға арналған көлік тұрағы қарастырылған



Функционалды үй-жайлар



Екі деңгейлі көлік тұрағы

Жабық көлік тұрағында көлігіңізді ылғал мен жаңбырдан, қатты аяз бен аптап ыстықтан, сондай-ақ зиянкестерден және балалардың абайсыз ойындарынан қорғаңыз. Көлігіңіз алдын ала қыздырмай-ақ жүруге дайын болады.

* бөлек сатып алынады



Велосипед тұрағы

Велосипедті бекіту үшін жақын маңнан ағаш, тірек немесе қоршау іздеудің қажеті болмайды. Біз сізге де, айналаңыздағы адамдарға да ыңғайлы велосипед тұрағын қарастырдық.



Boxroom

Пәтеріңізді маусымдық заттармен ыбырсытпау үшін спорт жабдықтарын, шиналар мен дискілерді, маусымдық киімдерді, құралдарды және көптеген басқа да нәрселерді жеке boxroom-ыңызда сақтауға болады.

* бөлек сатып алынады

Сурет шартты сипатқа ие

Ипотека

 басыңыз да, сайтқа өтіңіз

Барлығына арналған бағдарламалар



0,1%-дан басталатын мөлшерлеме

Ыңғайлы мөлшерлемені таңдап, ай сайынғы төлемдерді өзіңізге қолайлы етіп жоспарлаңыз.



15-тен көп жеке бағдарлама

Сіздің қажеттіліктеріңіз барынша ескерілетін талаптармен ипотека рәсімдеңіз.



20%-дан басталатын бастапқы жарна

Бастапқы жарнаға қолыңызда пәтер құнының жартысынан азы болса да, ипотека рәсімдеп, өз пәтеріңізде тұрыңыз.



Қосымша кепілсіз

Кепілге қою үшін қосымша жылжымайтын мүлік іздеуіңізге тура келмейді, кепіл ретінде ипотекаға алынған пәтерді рәсімдеңіз.



Қарыз сомасы – 100 млн теңгеге дейін

Сізге ыңғайлы қарыз сомасы пәтер таңдаудағы шектеулерді жояды.



Online-ипотека

Банкке бармай-ақ 30 минут ішінде ипотекаға жылжымайтын мүлік сатып алыңыз. Уақытыңыз бен ақшаңызды үнемдеп, бос уақытыңызды сүйікті істеріңізге арнайсыз.





 бейнежазбаны көру үшін басыңыз


Online сатып алу

Оңай. Жылдам. Ыңғайлы.

Неліктен online сатып алуды таңдаған дұрыс?


 **Уақыт үнемдеу**
Кептелістер, бағдаршамдар және кезектер туралы ұмытыңыз. Пәтерді рәсімдеу 30 минут уақытыңызды алады


 **Икемді төлем тәсілдері**
Бөліп төлеу, ипотека немесе толық есеп айырысу — өзіңізге қолайлы нұсқаны таңдаңыз.

 **Ашықтық және сенімділік**
BI Group барлық операциялардың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығына кепілдік береді.

1. BIG App арқылы өздігінен сатып алу


- Сіз пәтер таңдап, шартқа қол қоясыз және төлемді өзіңізге ыңғайлы уақытта қолданба арқылы төлейсіз.
- Мәміле аяқталғаннан кейін сізге барлық кейінгі кезеңдерде қолдау көрсететін дербес менеджер бекітіледі.

 **Әлемнің кез келген жерінен қол жеткізу**
Шетелде жүріп-ақ жылжымайтын мүлік сатып алыңыз

 **Әр кезеңде қолдау көрсету**
Сұрақтарыңызға жауап беріп, көмек көрсету үшін мамандарымыз әрдайым байланыста болады.

2. Цифрлық сату офисі менеджерінің көмегімен сатып алу

- Сіз сайтта немесе қолданбада өтінім қалдырасыз.
- Менеджеріміз сізге кеңес беріп, мінсіз пәтер таңдауға және мәміле рәсімдеу процесін аяқтауға көмектеседі.



BI Service

 <https://bi.group/ru/page/service>

20 жыл бойы бүкіл Қазақстан бойынша және одан тыс жерлерде бізге 500 мың тұрғын сенім білдіреді.


BI Service басқарушы компаниясы сіздің еш нәрсеге уайымдамай, жаңа үйіңіздегі өмірден ләззат алуыңыз үшін клиенттердің жайлы және қауіп-сіз тұру жайын өз мойнына алады.


Тұрғын үй кешеніне қатысты кез келген сұрақтарыңыз бойынша жеке менеджер әрқашан көмектеседі.

Біз 7 млн.м²-ден астам аумаққа қызмет көрсетеміз

 > 1 000
тұрғын үй кешені

 > 2 500
коттедж

 > 34 000
тұрақ орны

 > 4 500
офис

Бізді ерекшелендіретін нәрселер:

- Кәсіби мамандар командасының жоғары сарапшылық деңгейі;
- Әр клиентпен жеке қарым-қатынас жасау;
- Жүйелердің техникалық жай-күйін қатаң бақылау;
- Заманауи технологияларды қолдану;
- Ашық қаржылық басқару;
- 24/7 жедел ақпарат беру;
- Бірыңғай сапа стандарттары.

Пайдалану қызметтерінің тарифтері*:
тұрғын үй-жайлар – м²-іне 211 теңгеден басталады,
офистер – м²-іне 402 теңгеден басталады,
тұрақ орны – 11 000 теңгеден басталады.

*Тариф ортақ қолданыстағы аймақтардың жабдықтауына, үй мен жабдықтың сипаттамаларына байланысты қалыптасады.



Бақыт министрлігі



Біз клиенттерімізге қамқорлық жасай отырып, тұрғындардың бос уақытын ұйымдастыратын және олардың әрқайсысы өзін үлкен BI отбасының бір бөлігі ретінде сезінуі үшін тату көршілік-тің жылы атмосферасын қалыптастыратын Бақыт министрлігін құрдық.

Біз тұрғындардың көршілердің ауызбіршілігін арттыруға бағытталған бастамалары мен жобаларын қолдаймыз.



Бақыт министрлігімен барлық отбасылардың бос уақыты қызықты оқиғаларға толы болады:

- Шағын футболдан жарыстар;
- Үстел теннисінен турнирлер;
- Таза ауада жаттығу;
- Тауға жорыққа шығу;
- Шығармашылық шеберлік сабақтары;
- Концерттер мен көрмелер;
- Бірлескен мерекелер;
- Аулада фильмдер көру.

BI Green

Ағаш отырғызу – отбасымен және көршілермен бірге жақсы уақыт өткізу.

Біз тұрғындармен бірлесіп, 50 000-нан астам ағаш пен бұта отырғыздық. Кәсіби дендрологтар өсімдіктердің жерсінуіне және көптеген жылдар бойы аулалардың сәнін кіргізуіне жағдай жасайды.



BIG App мобильді қолданбасы

BIG App – BI Group клиенттеріне арналған онлайн қызметтер экожүйесі.

Көп деңгейлі қауіпсіздік жүйесінің арқасында біз деректеріңіздің сақталуына кепілдік береміз.



- Сатылымдардың басталуы туралы хабарландыру
- BI Group жеңілдіктері мен акциялары



- Жылжымайтын мүлікті таңдау
- Пәтерлерді онлайн сатып алу



- Құжаттар мен төлемдер
- Құрылыс барысы (live құрылысы)




- Ашық есіктер күніне және кілттерді табыстауға жазылу
- Үй-жайды қабылдаудың электронды актісі



- Сервистік өтінімдерді беру және олардың орындалуын бақылау
- Үй шығындарын қадағалау



- BI Club – жылжымайтын мүлікке жеңілдіктер және серіктестерден cashback
- BIG App-тағы онлайн сервистер



BI Club бейілділік бағдарламасы

BI Group-тың барлық клиенттері кейіннен жылжымайтын мүлік сатып алуға жеңілдік алады, сонымен қатар, Bitcoin-дарды (бонустарды) жинақтап, оларды серіктестеріміздің жүлделеріне/ супер жүлделеріне айырбастау мүмкіндігіне ие болады!

Қазіргі уақытта картаның 8 түрі бар:

<u>Жылжымайтын мүлік түрі:</u>	<u>Пәтерлер</u>	<u>Офистер</u>	
BI BRONZE	1 сатып алу	4%	5%
BI BRONZE+	2 сатып алу	5%	6%
BI SILVER	3 сатып алу	6%	7%
BI SILVER+	4 сатып алу	7%	8%
BI GOLD	5 сатып алу	8%	9%
BI GOLD+	6 сатып алу	9%	10%
BI PLATINUM	7+ сатып алу	10%	11%
BI DIAMOND		12%	13%



Bitcoin-дар (бонустар) алу және супер жүлделерді ұтып алу үшін BI Club бөлімінде кез келген саудаңыздың чектерін жүктеңіз! Толығырақ: loyalty.bi.group

Қосымша опциялар

ПАЙДАЛАНУҒА ТОЛЫҚ ДАЙЫН ПӘТЕРЛЕРДІ ТАЗА ӘРЛЕУ

- Ыңғайлы төлем бағдарламалары
- Топтамалық шешімдер
- Жөндеуді бастамай тұрып көру мүмкіндігі
- Сапаны бақылау бөлімі
- Жөндеуден кейінгі жинап-тазалау
- Бригада мен материалдар іздеуге уақыт кетірудің қажеті жоқ
- 12 айға дейінгі кепілдік
- Жөндеуді қашықтан бақылау

+7 775 007 71 17
call-center отдела продаж

+7 775 007 59 59
call-center отдела сервиса

smartremont.kz



АҚЫЛДЫ ҮЙ

- Қауіпсіздік
- Жайлылық
- Ресурс үнемдеу

Элементтерді басқаратын датчиктер мен орындау құрылғыларын қамтитын, интернет арқылы үйді, офисті және ғимараттарды басқарудың бірыңғай жүйесі.



+7 771 072 4373
connectedhome.kz

Байланыс

Астана қ.

Сығанақ көшесі, 62/3
Viva Plaza БО

Сарайшық көшесі, 5г,
«Лазурный квартал» ТҮК

Рыскулов көшесі, 9
Nexro Trend ТҮК

Шымкент қ.

Назарбаев даңғылы, 55
Желтоқсан к-сі, 28

Караганда қ.

Бұқар жырау даң.,
51/4-құрылыс.
51 бизнес орталығы

Алматы қ.

Тимирязев көшесі, 28в
«Гранд Алатау» БО

«Arena Park» бигвиллі
Момышұлы көшесі, 10/2

Атырау қ.

Тайманов д-ы 42А
Altyn Zaman ТҮК

Қаныш Сәтбаев даңғ., 43а
Infinity Mall СОО

Онлайн сату
орталығы

 **360**

 Кеңес алу